

8D011 Педагогика және психология (6D010300 Педагогика және психология мамандығы)

бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған

Дауенов Ернур Нурлановичтің «Аксиологиялық парадигма жобалық оқыту арқылы білім алушылардың ұлттық

бірегейлігін дамытудың негізі ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/ н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазақстан Республикасының ғаламдық білім беру жүйесіне өтуі, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайының мемлекеттік құзырымен жаһандану мүддесінің унификациялау, педагогикалық білім беру, оны аксиологиялық негіздегі парадигмамен ұлттық бірегейлік тұрғысында ескеру арасында сәйкессіздіктер айқындала түсті. Осы орайда, аксиологиялық проблеманы шешуі ұрпақтан ұрпаққа қалдырған кемелді тұлғалардың білім мен ғылымға қосқан үлестері зор. Дегенмен, құндылықтардың өзі білім алушылардың санасына түпнұсқа тұрғысында қабылдануы қиындық келтіруде. Өйткені, білімді түсіну «рухы биік тұлға» келбетінде меңгерілуі қадағалануымен іске аспақ. Жаңа Қазақстанға жаңа тұлғаны лайықтап даярлау басымды мәселе ретінде қарастырылуы көзделеді, бұл жағдай докторант Е.Н. Дауеновтың зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды. Осыған орай, парадигмалық ұстаным кең ауқымда білім философиясын қайтадан қалап, қоғамдағы білімді жаңғырту тұжырымдарына аксиологиялық парадигмаға ешқандай ескіні жамау, жаңғырту процестері көмек көрсетпейтіні докторанттың зерттеуінде

		<p>анықталған. Докторант Е. Н. Дауеновтың орындаған диссертациялық жұмыс еліміздегі білім берудің негізгі мақсаттарына сәйкес келеді. Докторант өзінің ғылыми негіздемесін құруда отандық және шетелдік іргелі зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасау арқылы диссертациялық жұмыстың өзектілігін анықтаған. Ізденуі ұсынып отырған докторлық диссертация ғылыми-теориялық негізі тәжірибеде көрініс берген.</p>	
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);  2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)  3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>3) Докторан Е.Н. Дауеновтың диссертациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді. Докторант ҚР «Білім туралы» Заңы (2007), ҚР «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасы (2012), «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту туралы» ҚР Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы, ҚР 2020-2025 жылдарға арналған білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен, сонымен қатар басқа да ресми құжаттарды назарға алып, олардың басым бағыттарына сәйкес зерттеу жұмысын жасаған.</p>
2.	Ғылымға	Жұмыс ғылымға елеулі	Аталған жұмыс педагогика ғылымына, соның ішінде педагогика

	маңыздылығы	үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	және психологияның дамуына, елеулі әсер етеді және үлесін қосады, оның маңыздылығы ашылған. Аталмыш зерттеу жұмысы еліміздегі білім берудің реформалануына сай Қазақстан Республикасында аксиологиялық парадигманың көрініс беруінің басымдық мәнінің анықталуы және оның басқа парадигма түрлерімен өркендеуі, ұстаз бен білім алушы арасындағы қарым-қатынастың жаңа психологиялық-педагогикалық тұрғыдағы рухани келбетінің ғылыми генезисі, «Рухы биік тұлға» келбетін құрудың тиімді инновациялық білім беру технологияларының проблемалық, программалық, модульдік, ақпараттық, интерактивтік және т.б. түрлерінің нәтижеге бағдарлануы, жобалау арқылы білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытудың моделі онтологиялық, гносеологиялық, аксиологиялық негізде сомдалуы ұсынылған. Сол себептен, докторант, білім беру жүйесінде ұлттық бірегейліктің аксиологиялық парадигмасын дамыту моделін эксперимент нәтижелері арқылы мақалалар әзірленуі ғылымға елеулі әсер етеді, оның практикалық мәнінің маңыздылығы ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант Е.Н. Дауенов диссертациялық жұмысты орындауда өзі жазу принципін ұстанған. Докторанттың өзі дербес жазғаны байқалып тұр, деңгейі – жоғары. Докторант диссертацияны жазу кезінде ғылыми мәлімет беруді көздеген. Барлық талданған ақпараттар дербес, түсінікті, өзара бір-бірімен үйлесімді, автордың диссертация жазудағы жеке ғылыми стилінің жоғары деңгейде екендігі байқалады.
4.	Ішкі бірлік	4.1 Диссертация өзектілігінің	Диссертация өзектілігінің негіздемесі зерделенген. Докторант

<p>принципі</p>	<p>негіздемесі:  1) негізделген;  2) жартылай негізделген;  3) негізделмеген.</p>	<p>өзінің ғылыми негіздемесін құруда іргелі шетелдік пен отандық зерттеушілердің еңбектеріне, деректі мағлұматтарға талдау жасап, таңдаған тақырыптың көкейтестілігін анықтаған. Бұл зерттеу жұмыстың теориялық негізі тәжірибеде көрініс тапқан. Осы тұрғыдан қарағанда Дауенов Ернур Нурлановичтың «Аксиологиялық парадигма жобалық оқыту арқылы білім алушылардың ұлттық бірегейлігін дамытудың негізі ретінде» атты диссертациялық жұмысы бүгінгі қоғамның сұранысынан туындап отырған көкейкесті тақырыптың бірі болып табылады.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды  1) айқындайды;  2) жартылай айқындайды;  3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемінде айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындап аша түседі.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  1) сәйкес келеді;  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеудің тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияның мақсаты білім беру жүйесінде ұлттық бірегейліктің аксиологиялық парадигмасын дамыту моделін құру және оның тиімділігін экспериментальды түрде тексеру негізінде Қазақстандағы білімнің қалыптасуы мен дамуының теориялық негіздерін, ерекшеліктерін анықтау әдіснамасын ұсынуды орындаумен сәйкес келеді. Зерттеу міндеттері зерттеудің мақсатын нақтылай келе, жобалау арқылы білім алушылардың ұлттық бірегейлігін дамыту модельдеріне ғылыми-тағылымдық тұрғыдан дәйектеуімен; «Жобалау арқылы білім алушылардың ұлттық бірегейлігін дамытудың нәтижелерін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары арқылы тексеру, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берумен сәйкес келеді.</p>

	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан сәйкес келеді және олар толық байланысқан. Докторанттың зерттеуіндегі анықталған нәтижелер бір-бірімен сабақтас, ішкі бірлігі, логикалық жүйелігі айқын, сондай-ақ, зерттеу жұмысының бөлімдер толық түрде бір-бірімен ұштасып, қойылған зерттеудің мақсаты мен міндеттерін айқындай түскен. Докторант Е.Н. Дауенов өз зерттеуінің бөлімдерін өзара тығыз байланысты бірыңғай жүйемен құрастырып жазған. Әр бөлімнің ғылыми нәтижелері ішкі бірлікте қисынды қағидамен нақты тұжырымдармен дәлелденген. Осы орайда, эксперимент барысында алынған нәтижелер бастапқы болжамның ұстанымын негізге ала отырып статистикалық көрсеткіштермен тексеріледі.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Докторант Е.Н. Дауенов ұсынған жаңа шешімдер (атап көрсетсек, ол-«Каскадты модель», «Итеративті модель», «Спиральды модель» және «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында ұлттық сәйкестік пен әлеуметтік интеллектінің өзара байланысын зерттеу» атты монографиясы, педагогикалық пәндерді оқыту жағдайындағы білімді пайдаланудың жобалау арқылы оқыту қағидаттары мен әдіс-тәсілдері, анықталған білім беру деңгейлері және оларға берілген психологиялық тұрғыдан тұжырымдары дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Докторанттың зерттеу барысында алынған нәтижелері педагогика мен білім беру психологиясының теориялық мәселелері мен оқыту технологиясы үшін теориялық және практикалық жағынан маңызды саналады. Себебі, жұмыста бірінші рет аксиологиялық парадигма білім алушыларда жобалау арқылы ұлттық бірегейлік негізінде қарастырылып, оның даму</p>

			ерекшеліктері мен деңгейлері айқындалып, білім берудің мазмұны жүйеленген. Зерттеу аясында алынған нәтижелер мен ғылыми ұсыныстарды ғалымдар мен педагог-мамандардың біліктілігін арттыруға орта мектептің білім алушылары үшін пайдалануға болады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципi	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа деп есептейміз. <i>Бірінші ғылыми нәтиже жаңа.</i> Себебі, докторант отандық, алыс-жақын шетелдік зерттеуші ғалымдардың зерттеулеріне жан-жақты талдау жасап, нәтижесінде зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқындаған. Аксиологиялық парадигманың ұлттық бірегейлікпен дамуының негізі анықталған. <i>Екінші нәтиже жаңа.</i> Себебі, зерттеу жұмысына байланысты білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті дамытудың мәні ашылды, ұғымдардың түсінігі, құрылымы, мазмұны мен қызметтері ғылыми тұрғыдан негізделінген, авторлық анықтама берілген. <i>Үшінші нәтиже жаңа.</i> Білім алушылардың аксиологиялық парадигманы ұлттық бірегейлікпен дамыту процесін жобалау қызметімен орындауы нәтижеге бағдарланған. <i>Төртінші нәтиже жаңа.</i> Білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікпен іске асыруының мүмкіндіктері мен тәсілдері айқындалды, сондай-ақ, білім беру жүйесінде аксиологиялық парадигма жобалау арқылы ұлттық бірегейлікті дамытуды тәжірибелік-эксперимент арқылы тексерістен өткізіліп, тиімділігі дәлелденген. <i>Бесінші нәтиже жаңа.</i> Аксиологиялық парадигманың ұлттық

		<p>бірегейлікпен дамытудың тұжырымдары мен білімденудің инновациялық технологияларды ұтымды қолдануына жағдайы туғызылған.</p> <p><i>Алтыншы нәтиже жаңа.</i> жобалау қызметінде білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытудың моделі құрылған және білім берудің мазмұны жүйеленген.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген және толығымен жаңа, диссертациялық зерттеу бойынша өткізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының ұйымдастырылуы және жүргізілуі, атап айтсақ, жобалау арқылы ұлттық бірегейлікті дамытуда Павлодар қаласының жалпы орта білім беру мекемелерінің оқу процесіне ендіру жолдарын айқындауы, оларды енгізу актісі, ғылыми жарияланымдармен негізделді.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде</p> <p>Диссертация негізгі нәтижелері мен барлық қорытындылар зерттеудің жетекші идеясы, мақсаты мен міндеттеріне ғылыми тұрғыдан қарағанда негізделген. Докторант Е.Н. Дауеновтың</p>

	негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	диссертациясының негізгі қағидалары, тұжырымдары, нәтижелері, қорытындылары автордың жарық көрген 11 еңбегінде көрініс тапқан. Олардың ішінде 4-і Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы сапаны камтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 2-уі нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына (Scopus базасы) тіркелген шетел журналында, 1 ғылыми монография жарық көрген және 4 мақала халықаралық және шетелдік ғылыми конференция материалдарында баяндалған.
7. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p>	<p>Докторант Е.Н. Дауеновтың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға шығарылған төрт қағидатты айтуға болады: 1) азаматтық қағидатында қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамуы; 2) ел дамуының стратегиялық мақсаттары төңірегінде топтасқан, қазақстандық бірегейлік пен бірлік қағидаты; 3) Үздіксіз аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті дамыту; 4) Жобалау арқылы орта мектеп білім алушыларының аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытуды оқу процесіне ендіру әдістемесінің тиімділігі мен эксперимент жүзінде дәлелдерінің қорытындысы мен нәтижелері.</p> <p>7.1 Қорғауға шығарылған негізгі 4 қағидаттар дәлелденді.</p> <p>7.2 Қорғауға шығарылған негізгі 4 қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қорғауға шығарылған негізгі 4 қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4 Қорғауға шығарылған негізгі 4 қағидаттардың қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар мақалада дәлелденген.</p> <p>Зерттеу бойынша 10 мақала, 1 монография жарық көрген.</p>



		1) ия; 2) жоқ	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Докторант Е.Н. Дауеновтың диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Зерттеу жұмысы барысында басшылыққа алынған жүйелілік-тұтастық, тұлғалық, синергетикалық, инновациялық, интегративтік тұғырларды және білім беру мазмұнын мецгеруде қарым-қатынас бірлескен іс-әрекетке байланысты психологиялық ерекшеліктерді басшылыққа алуымен негізделген. Докторант диссертациялық жұмыстың әдіснамалық және әдістемелік негіздерін түзуде теория мен тәжірибенің байланыстылығы, гуманитарландыру, болжамдық, метаметодикалық пәнаралық, саналық, жүйелілік, ғылымилық, ізгілендіру және әлеуметтік тапсырысты сақтау қағидаларды басшылыққа алады.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия;	Диссертация жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану арқылы алынған, компьютерлік технологияларды қолданбаған. Оған дәлел докторанттың пайдаланылған әдістері: контент-талдау, тұжырымдау, салыстыру, педагогикалық модельдеу, SPSS бағдарламасы арқылы жобалау арқылы ұлттық бірегейлікті анықтау бойынша алынған нәтижелері өңделіп, тиісті ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген.

		2) жоқ	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, докторанттың дайындаған жобалау арқылы ұлттық бірегейлікті дамыту нәтижелері тәжірибелік-эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Е.Н. Дауеновтың « <b>Аксиологиялық парадигма жобалық оқыту арқылы білім алушылардың ұлттық бірегейлігін дамытудың негізі ретінде</b> » атты диссертациясындағы эксперименттік жұмыстарына Павлодар қаласының Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназиясы, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық гимназия-интернаты, Павлодар қаласының Б. Момышұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қаласының Малайсары батыр атындағы жалпы орта білім беру мектебінің педагогикалық процестеріне енгізіліп, дәлелденді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертация тақырыбы негізінде философиялық, психологиялық-педагогикалық еңбектер, ресми құжаттар, осы саладағы алыс-жақын шетелдік ғалымдардың ғылыми ізденістері, докторанттың зерттеушілік тәжірибесі бойынша маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті: 140 әдебиет пайдаланылған, оның ішінде осы саладағы отандық пен шетелдік ғалымдардың және автордың ғылыми ізденістері бар.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Диссертант зерттеу аясында алынған нәтижелер педагогика ғылымы үшін теориялық жағынан маңызы зор, онда алғаш рет аксиологиялық парадигма жобалау арқылы білім алушылардың ұлттық бірегейлігін дамыту

			негізінде қарастырылып, даму ерекшеліктері мен деңгейлері айқындалып, білім беру жүйесінде мазмұны жүйеленген. Алынған нәтижелер өзекті мәселені шешуге арналған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар, оның нәтижелерін практикада қолдану мүмкіндігі жоғары деп тұжырымдаймыз, осы орайда зерттеу проблемасы бойынша алынған нәтижелер жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық процестеріне енгізу арқылы педагогикалық мамандардың біліктіліктерін жоғарылатуда пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Жалпы білім беретін мектептердің білім алушыларына жобалау арқылы ұлттық бірегейлікті дамыту бойынша «Білім алушылардың білім нысаналарына аксиологиялық дүниетанымын дамыту» моделін білім мазмұнына енгізу деп берілген ұсынысы толығымен жаңа; 2) Зерттеу тақырыбы шеңберінде жұмыста жобалау арқылы, үздіксіз білім беру жүйесінде жеке тұлғаны білімпаздыққа бағыттау бағдарламасы туралы ұсынысы толығымен жаңа; 3) Зерттеу тақырыбы бойынша каскадты модель арқылы білім берудің әрбір сатысында жеке тұлғаның бірегейлігін дамытуға қойылатын талаптары жаңа болып табылады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен;	Академиялық жазу сапасы жоғары, диссертант Е.Н. Дауенов диссертациясын академиялық жазу ерекшеліктеріне байланысты дербес, аяқталған жұмыс деп есептейміз, себебі нақты дәлелденіп жазылған, ғылыми стильді ұстанған, сілтемелерді

		4) төмен.	дұрыс және орынды қолдана білген.
11	Диссертацияға ескертулер		<p>Докторанттың ғылыми еңбегінің маңыздылығына тоқталып, төмендегідей ескертпелерді атап өтеміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде аксиологиялық парадигманы ұлттық бірегейлікпен караған жұмыстар туралы нақтылау қажет еді.</li> <li>2. Диссертация талапқа сай жазылған, бірақ жұмыста ішінара орфографиялық қателіктер кездеседі.</li> </ol>
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		<p>Диссертация негізгі нәтижелері мен барлық қорытындылар зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне ғылыми тұрғыдан негізделген. Докторант Е.Н. Дауеновтың диссертациясының негізгі қағидалары, тұжырымдары, нәтижелері, қорытындылары автордың жарық көрген ғылыми еңбектерінде көрініс тапқан. Олар Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына (Scopus базасы) тіркелген шетел журналында, ғылыми монографияда, мақала халықаралық және шетелдік ғылыми конференция материалдарында баяндалған</p>
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-		<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған диссертациялық</p>

	тармағына сәйкес)		жұмыстарға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Жоғарыда айтылғандардың негізінде Е.Н. Дауеновке 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруді ұсынамын.
--	-------------------	--	---

Ресми рецензент, PhD доктор,  
Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті



А. К. Аманова

